ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО"Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864

e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 15 тамыз
Шымкент қаласы

№ 246
город Шымкент

2025 – 2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 18 - тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №174 бұйрығына сәйкес және қалалық білім басқармасының №450-н/қ 13.08.2025 жылғы бұйрығын орындау мақсатында

Бұйырамын:

2025 -2026 оқу жылының басталуы 01 қыркүйек, аяқталуы 25 мамырды қоса алғанда:

1. 10-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы

1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс –күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда)

2-тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда)

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс –күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19 – 29 наурызды қоса алғанда)

4-тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

11(12) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2- 15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
   11(12) – сынып оқушылары үшін:
   1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;
   2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;
   3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым
   4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым.
   5) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым;
4. Мектеп ұжымы:
   1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2025 – 2026 оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін.
   2) Жоғарыда баяндалғандар негізінде оқу жылының басталуы мен аяқталуы бойынша уақтылы ұйымдастыру іс – шараларын жүргізсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, басшылық жасау директордың оқу ісі жөнінен орынбасары С.Б.Токбуринаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: И.Х.Хамидов

Таныстым: _____